

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

америкалықтар туралы көркем фильм. «Соңғы император» (1987ж.), Гугун сарайының соңғы императоры Пу И туралы фильм. «Марко Поло» (1980ж.), Юань әулеті туралы фильм. Гугун сарайында атақты топ “30 Seconds to Mars” «From Yesterday» әніне бейнебаян түсірді.

ӘӨЖ 81'373.423:811.581

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ОМОНИМ СӨЗДЕР

Тастулекова Айман

aimashka_ts@mail.ru

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қытай филологиясы
мамандығының 2-курс студенті

Қытай тілін енді үйреніп келе жатқан жаңа бастаушылар қытай тілін үйренудің басты қиын жақтары ол - иероглифтер, тондар, фразеологизмдер және тағы басқалары деп ойлайды. Бұл әрине дұрыс пікір, бірақ қытай тілінің кейбір грамматикасын түсініп алу үшін өте көп уақыт кетеді. Қытай тілі әлемдегі ең омонимдік тіл болып саналады. Омонимия – әлемнің барлық тілінде таралған құбылыс. Тіл білімінде омонимдерді анықтап түсіндірудің 4 амал-тәсілі бар, бұл мақалада омонимдердің бірдей дыбысталып, әр түрлі мағынада қолданып пайдаланатын тәсілін қарастырамыз.

Жалпы алып қарағанда, қазіргі заманғы қытай тілінде шамамен алғанда 1300 буын бар. Шектеулі әрі шамалы буындар, буындардың қайталануына әсер етеді. Сол себепті қытай тілінде омоним сөздер өте көп кездеседі және қолданылады. Әр түрлі есептеулер бойынша қытай тілі лексикасында омонимдар саны 10% және 16%-ын құрайды.

Омоним (грекше аударғанда *uoс* бірдей + *uoиa* аты) - әр түрлі мағынасы бар, бірақ дыбысталуы мен жазылуы бірдей болып келетін сөздер. Омоним терминін алғаш рет Аристотель енгізген.[3] Жалпы тіл білімінде және қытай тіліндегі тіл білімінде қай сөздерді омонимдер қатарына жатқызу туралы көзқарастар көп қарастырылады:

1. Омонимдер – дегеніміз бірдей фонетикалық құрылымы бар, бірақ әр түрлі мағына беретін, олардың графикалық жазылуынан тәуелсіз.(В.В.Виноградов, О.С.Ахматова, Л.А.Булаховский және басқалары)
2. Омонимдер – бірдей дыбысталатын және мағынасы әр түрлі сөздердің міндетті түрде бірдей жазылуы болуы керек. (В.В.Броун, И.В.Арнольд, Н.М.Шанский).
3. Омонимдер – дегеніміз бірдей дыбысталатын сөздер, әр түрлі мағынасы және жазылуы бар сөздер. (Х.Огата, Р.Инглотт)
4. Омонимдер – графикалық жазылуында ұқсастығы бар, ал дыбысталуында тәуелсіз сөздер. (В. Скит)
5. Омонимдер – дыбысталуы бірдей және мағынасы бар, сонымен бірге екпін ескерілмейді.

Қытай тіліндегі тіл білімінде омонимдерге деген ерекше қызығушылық 50-ші жылдары пайда болды, қытай иероглифтік хатының реформасының сұрақтарын талқылаудың байланысты уақытына, оның негізгі мақсаты иероглифтік хаттан фонетикалық жазбаға көшу болды. Осындай ауысы үлкен қиындықтармен байланысты болды, қытайлық ғалымдардың ойлары бойынша омонимдер сол қиындықтардың қатарына кіреді. Қытай тіліндегі екпін қытай тіліндегі сөздердің ең ажырамас фонетикалық бөлшегі болған соң, сөздердің тек бірдей дыбысталуы ғана мән беріп қоймай, олардың екпіндеріне де бірдей мән беру тиіс, сол кезде ғана оларды қытай тіліндегі омоним сөздер деп санауға болады.

Омонимдер, қытай тілінде (同音词 *tongyincі*) – бұл бірдей дыбысталатын бірақ мағынасы әр түрлі болып келетін сөздер тобы айтады. Сонымен бірге омонимдердің бірдей дыбысталатындығын ескере отырып, сонымен қатар оның идентикалық фонема құрамы және этимологиялық екпінің де ойда тұту қажет.

Қытай тіліндегі омонимдердің ерекшеліктерін түсіну үшін омонимдердің классификациясын жіктеп, қарастыру қажет. Қытай тіліндегі омонимдердің 3 түрін бөліп қарастыруға болады. Олар:

1. Сөздердің дыбысталуы (оған: екпін,финаль,инициалдарды қосуға болады) мен жазылуы бірдей. Бұл жағдайда бір иероглифті бірдей дыбысталатын сөздермен бейнелеп жазады. Мұндай омонимдерді 同音同形词 tongyintongxingci деп атайды.

Мысалы: “词” – сөз, тіл, сөйлеу және екінші бір мағынасы “词”- әдеби форма, ақындық жанрдың “цы” деген түрі

2. Сөздердің дыбысталуы бірдей ал жазылуы әр түрлі болса, онда оларды 同音异形词 tongyinxingci немесе 等音词 dengyinci деп атайды. Бұл фонетикалық омонимдер немесе омофондар.

Мысалы: 八 ba сегіз саны 扒 ba қазып алу,

3. Сөздердің бірдей жазылуы ал дыбысталуы әр түрлі болса, онда бұл омонимнің түрін омограф, қытай тілінде 胃形异音词 tongxingyiyinci деп атайды.

Мысалы: 长 chang “ұзын” және 长 zhang “өсу,өсіру”, 还 huan “қайтару” 还 hai “әлі,әлі де” 重 chong “қайтадан” 重 zhong “ауыр” және тағы басқалары.

Қытай тіліндегі омонимдердің зерттелуінің ұзақтығына қарамастан, оларды бір тілдің шегінде болсын түрлерге жіктеудегі айырмашылығы айтарлықтай көп. Қытай тіліндегі омонимдерді түрлерге жіктеуде де алуан-түрлілік бар. Айрықша көп таралған омонимдерді жіктеу айырмашылығы лексикалық және грамматикалық мағынасы жағынан болып келеді. Осындай бір тәсіл А.А. Торопова,С.Б.Янкивер, В.И.Горелова жұмыстарында ұсынылып көрсетілген.

Қытай лингвисттарының омонимдерді жіктеудегі басқа тәсілі, Чжоу Югуан жіктеуі бойынша:

1. бір немесе әр түрлі сөйлем мүшесіне жатуы;
2. омонимдердің мағынасының өзара байланысы;
3. бірдей немесе әр түрлі жазулы;

Қазіргі заманғы қытай тілінің омонимдерінің сандық құрамы мен өзгешелік туралы тақырыпқа зерттеу материалы болған қытайша-япондық сөздік, 1972 жылы Токиоде шыққан, көлемі 37 мың сөз. Бұл сөздік 60 лингвисттің ұжымдық еңбегінің жемісі болып табылады, осы сөздік жазуға ұсыныс жасап, бастаған атақты япондық лингвист-синолог Т.Кураиси – қытай тілін үйретудің ғылымдық ортаның басқарушы. Кураиси сөздігінің қытай тіліндегі омонимдерді оқуда мына себептерден пайдасы бар:

1. Біріншіден, бұл сөздік фонетикалық, сөздердің барлығы әлібпи бойынша орналасқаны ыңғайлы, сонымен қатар екпіндер көрсетілген.
2. Екіншіден, сөздік иероглифтардан емес сөздер мен морфемалардан құралған, сөздіктегі барлық сөздер сөйлем мүшелеріне бөлініп жазылған. Сөздікте қазіргі қытай тілінің 11 лексикалық қабаты қарастырылған.[2]

Қытай тіліндегі омонимдердің қайнар көздерін оқудағы маңыздылығы қытай тілінің неге омонимдік тіл екенін көрсетеді. Қытай тілінің омонимдарының қайнар көздері:

1. Фонетикалық процесстер;
2. Семантикалық сөздердің дамуы;
3. Ежелгі қытай тілінің лексикасы;
4. Шетелдік кірме сөздер;
5. Сөзжасам процесстері;

Әуел бастан қытай тілінің екпіндері өзгеріске ұшырап отырған.Соған мысал, Б.Карлгрен ежелгі қытай тілінде екпіннің 8 түрге бөліп жіктеген, ал қазіргі заманғы қытай тілінде 4 екпін бар. Ежелгі қытай тілінде соңғы дауыссыз дыбыстары әр түрлі болған: 天- аспан 添- көбейту, 代 - эра 袋 - қарыз беру.

Қоса кететін жағдай, қытай тіліндегі бір иероглифтің екі омоним сөздерде кездесуі кірме сөздермен байланысты болуы мүмкін. Кірме сөздердің қытай тіліне енуі қытай жазбасының жаңа деңгейге кіргенін айтады.[1]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Омонимия в современном китайском языке А.А Хаматова
2. Словообразование в китайском языке А.А Хаматова
3. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия

ӘӨЖ 811.581:811.512.122

ҚЫТАЙ ТІЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІН САЛЫСТЫРУ

Тезекбаева Нургуль

k.nura_08@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті, қытай филологиясы кафедрасы, 2-курс студенті

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің басты қасиеті. Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша қасиеті. Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойылмаған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмайтын сөйлемдерде ой күңгірттеніп, екіұшты болып, тіпті сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т. б.) өзгеріске түсуі мүмкін [3, 1].

Қытай тілін үйренбекші болған әрбір адам күндердің-күнінде оның жазбасындағы өзіндік қолданыстағы тыныс белгілерімен де танысу керек болады. Бірақ, дұрыстап қарастырса, қытай тіліндегі тыныс белгілері мен қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің аса қатты айырмашылығы жоқ, тек кейбір тыныс белгілерінің ерекшеліктері бар.

Ежелгі қытай тракттарында текст үстінен астына қарай және оңнан солға қарай жазылатын болған. Сонымен қатар, тыныс белгілері іс жүзінде қолданылмаған да. Пунктуация XX-ғасырдың ортасынан бастап текстты еуропалық стильде көлденеңінен және содан оңға қарай жазыла бастағаннан кейін қиындатыла басталды.[3.1] Қазіргі қытай тілінің жазбасында, дәстүрлі символдардан басқа, еуропалық тыныс белгілері де қолданылады. Мысалы, мына белгілер сыртқы түрімен де, қолданылуы жағынан да қазақ тіліндегі белгілермен ешбір айырмашылығы жоқ, олар: нүктелі үтір (;), қос нүкте (:), сұрау белгісі (?), леп белгісі (!). Сонымен қатар, қазақ тіліндегі тыныс белгілерінен сыртқы түрімен және қандай да бір айырмашылықтары бар белгілер де бар.

Классикалық қытай тілі жазбасында тыныс белгілері өте аз қолданылған, негізінен нүкте (。) және тамшы тәрізді үтір (、) кездеседі. Бірінші тыныс белгісі сөйлемді аяқтау үшін қолданылса, оның сыртқа түрінің шеңбер тәрізді болып келуі оның еуропалық нүктеден айырмашылығын түсіндіреді. Еуропалық үтір мен тамшы тәрізді үтірдің де айырмашылықтары бар. Тамшы тәрізді үтір бірінен соң бірі келетін бірыңғай мүшелерді айыру үшін керек. Ал, еуропалық нүкте грамматикалық құрылымдарды айыру үшін қолданылады [2, 204].

Тырнақшалар қазақ тіліндегі сияқты (“ ”)дәжәнеөзіндік(『』), (「」)болуыдамүмкін. Г-тәріздітырнақшаларжоғарыдантөменқарайжазылғанежелгімәтіндердеқолданылған.